

Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

19 марта  
2025 года  
СРЕДА  
№ 23-24 (1727-1728)

№17 МЕКТЕП-  
ГИМНАЗИЯСЫНДА  
ҮШ КАБИНЕТ  
АШЫЛДЫ



СТР.5



## НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! С ПРАЗДНИКОМ НАУРЫЗ!

### ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні –  
Наурыз мерекесімен құттықтаймыз!

Бұл жарқын мерекені біздің көпұлтты халқымыз бір шаңырақ астында қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің символы ретінде қарсы алады.

«Күшіміз – бірлікте» демекші, бұл күні еліміздің барша тұрғындары ақ дастарқанның басына жиналып, келген қонақтарға, дос-жаранға, ағайын-туыс пен көрші-қолаңға дәстүрлі тағамдарын ұсынады.

Наурыз мейрамы - ежелден жаңару мен жасампаздықтың, ырыс-берекенің арқауы саналған.

Сүйікті қаламыз Саран қаласында да жаңа өзгерістер орын алуда.

Шағын аудандарымыз жаңаша әрге еніп, жаңа кәсіпорындар, үйлер бой көтеруде.

Алда бізде әртүрлі салаларда көптеген жаңа міндеттер тұр. Оларды бірге орындайтынмызға сенімдіміз.

#### Құрметті жерлестер!

Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, жақсылық пен шаттық тілейміз! Отанымыз аман, ел іргесі берік болсын! Бірлігіміз бен берекеміз арта берсін!

Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Наурыз мерекесі құтты болсын!

**Д. БҰЛҚАЙЫР,**  
Саран қаласының  
әкімі

**Ө. БАЙМАҒАНБЕТОВ,**  
Саран қалалық  
мәслихатының төрағасы

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АҚТАС!

Поздравляем вас с Наурыз мейрамы!

Под единым шаңыраком наш многонациональный народ встречает этот светлый праздник как символ мира и согласия в обществе.

В эти дни все жители страны собираются за щедрым дастарханом, чтобы с открытой душой встретить Наурыз, угостить традиционными национальными блюдами гостей, друзей, родных и соседей. Как говорится: «Сила народа в его единстве».

В Наурыз мейрамы обновляется природа.

Новые перемены происходят и в нашем любимом городе Сарани.

Новое дыхание обретают наши микрорайоны, появляются новые предприятия, дома, дороги.

Впереди у нас много новых задач в разных сферах, которые, мы уверены, вместе выполним.

#### Дорогие земляки!

Желаем вам крепкого здоровья и семейного благополучия, любви, добра и мирного неба над головой!

Пусть Наурыз мейрамы принесет в каждый дом радость и добрые надежды! С праздником!

Мереке құтты болсын!

**Д. БҰЛҚАЙЫР,**  
аким  
города Сарани

**О. БАЙМАҒАНБЕТОВ,**  
председатель Саранского  
городского маслихата

ЖИЗНЬ ГОРОДА

## СБЫЛАСЬ ЗАВЕТНАЯ МЕЧТА



**В конце прошлой недели у многих семей нашего города – очередников на получение жилья сбылась заветная мечта! Были сданы после восстановления пять домов в районе РТИ.**

Надежда ЦХАЙ

Это значимое событие для жителей нашего города. И благодаря активному восстановлению домов в рамках программы приобретения жилья десятки семей получили заветные ключи от квартир. Это современное удобное комфортное жилье.

Со столь радостным событием счастливых поздравил аким города Дарын Бұлқайыр, пожелавший уюта и теплого семейного очага.

И конечно, своей радостью поделились с нами обладатели заветных ключей:

**Мәлдір Саликова:** «В преддверии Рамазана моя благодарность за предоставленную воз-



можность жить в своем доме. Благодаря заботе нашего Правительства мы получили хорошую возможность распахнуть свои двери для гостей. Я очень рада, что получила квартиру именно на РТИ. Это перспективный рай-

он, он будет процветать благодаря работе новых предприятий. Будущее за нашей молодежью, рабочими профессиями».

**Александр и Наталья Задо-рожные:** «Простояли в очереди 12 лет. Очень ждали эту квар-



тиру. Перед Наурызом – у нас двойной праздник. Весеннее настроение! Большая радость для нашей семьи!».

Стоит отметить, что на сегодняшний день выдано 110 квартир. Планируется строительство детской площадки, асфальтирование дворов, подключение к центральному теплоснабжению, развитие инженерной инфраструктуры. И все это – в районе

РТИ.

В этом году также будет восстановлено более 20 многоэтажных домов за счет государственных средств и частного бизнеса. До конца года будет введено в эксплуатацию еще 80 квартир и 200 очередников получат жилье.

Мы поздравляем горожан с новосельем! Пусть в новых квартирах у вас будет теплый домашний очаг!

Читайте нас на сайте [sarangazeti.kz](http://sarangazeti.kz), а также в социальных сетях: [saran\\_today](https://www.instagram.com/saran_today), [saran\\_gazeti](https://www.instagram.com/saran_gazeti), [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)

Саран қалалық мәслихаты депутаттарының  
және қала тұрғындарының назарына  
2025 жылғы 17 наурыз

Саран қалалық мәслихаты төрағасының өкімі

Саран қ. № 15-0 2025 жылғы 17 наурыз

**Қалалық мәслихаттың  
кезекті XXIII сессиясын  
шақыру туралы**

Саран қалалық мәслихатының кезекті XXIII сессиясы 2025 жылғы 27 наурыз сағат 10.00-де шақырылсын.

**ХАБАРЛАМА**

Қалалық мәслихаттың 2025 жылғы 27 наурыздағы кезекті XXIII сессиясының қарауына мәселе шығарылады:

1. Саран қаласында қоғамдық тәртіп етудегі жергілікті полиция қызметінің 2024 жылғы жұмысы туралы.
2. «Саранькоммунсервис» ШЖҚ КМК-ның 2024 жылғы жұмысы және 2025 жылға арналған жоспарлары туралы.
3. Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары төрағаларының 2024 жылғы есебі.

Сессияны дайындауға жауапты: Заря Блялевна Малшибекова, жұмыс тел.: 8(72137) 73908, электрондық пошта мекенжайы: saranmaslihat@mail.ru.

**Ө. Баймағанбетов,**  
Саран қалалық мәслихатының төрағасы

К сведению депутатов Саранского городского маслихата  
и населения города  
17 марта 2025 года

Распоряжение председателя Саранского городского маслихата

г. Сарань № 15-0 17 марта 2025 года

**О созыве XXIII  
очередной сессии  
городского маслихата**

Созвать очередную XXIII сессию Саранского городского маслихата 27 марта 2025 года в 10.00 часов.

**СООБЩЕНИЕ**

На рассмотрение очередной XXIII сессии городского маслихата 27 марта 2025 года вносятся следующие вопросы:

1. О работе местной полицейской службы в обеспечении общественного порядка в городе Сарани за 2024 год.
2. О работе КГП на ПХВ «Саранькоммунсервис» за 2024 год и планах на 2025 год.
3. Отчет председателей постоянных комиссий городского маслихата за 2024 год.

Ответственный за подготовку сессии: Малшибекова Заря Блялевна, раб. тел.: 8(72137) 73908, адрес электронной почты: saranmaslihat@mail.ru.

**О. Баймағанбетов,**  
председатель Саранского городского маслихата

**ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ**

# ҚАЛА ӘКІМІ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

**14 наурыз - Көрісу (басқаша айтқанда Амал) күнінде «Достық үйі» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында қала әкімі Дарын Бұлқайыр тұрғындармен кездесті.**

**Дина ӘБДІҒАЛИЕВА**

Ең өзекті деген мәселелердің басы қозғалды. Әкім 2025 жылға жоспарланған жұмыстарды айта отырып, көпті толғандырып, көкейінде жүрген мәселелерге жеке тоқталды.

- Біз қазір 4 бағыт бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Бұл - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы. Бүгінгі таңда біздің бірінші кезектегі міндетіміз, өздеріңіз білетіндей, жылумен қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта орталық қазандық арқылы 113 үй жылытылады. Биыл тағы шамамен 57 үй мен 27-ге жуық әлеуметтік нысанды қосу жоспарлануда. Жалпы орталық қазандықтарға қосылатын үйлер, үйлердің дайындығына байланысты қосылатын болады. Сондай-ақ, ауыз сумен қамту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Кәріз жүйесіне келетін болсақ, қазір жоба сараптамадан өтіп жатыр. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең биыл болса, екінші кезең - келесі жылы және 2027 жылы аяқтаймыз, - деді қала әкімі.

Сонымен қатар, қала басшысы жол мәселесін назардан тыс қалдырмайтынын жеткізді. Кәріз нөсерлеріне дейін барлығы ескерілмек. Басты талап - сапа болмақ. Электр жүйесіне қатысты да құнды мағлұмат берілді.

- Ток жүйесіне тоқталып кетейін. Оған біз биыл құжаттық сметаларды әзірлеп, қазір экспертизадан өтіп жатырмыз. 200 бағананың кабельдері ауыстырылатын болады. Бұл дегеніміз, бізге 70 пайыз ток күшінің күшеюін береді, - деп атап өтті қала әкімі Дарын Бұлқайыр.

Кездесу барысында халық тарапынан үйдің қасбеттеріне, төбелеріне, 165 автобуска және абағандыруға қатысты бірқатар сұрақтар қойылды. Барлық сауалдарға қала әкімі нақты жауаптар қайтару арқылы көп мәселелерден хабардар екенін көрсетті. Одан бөлек қала әкімі Дарын Бұлқайыра алғыс айтып, риза-



шылығын жеткізген тұрғындар да көп болды. Солардың бірі - қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Тамара Кучеренко.

- Құрметті қала әкімі Дарын Бұлқайыр, біз бүгін маңызды кездесуге келдік. Сіз алдағы жоспарларыңызбен бөлістіңіз. Біз осы қаланың ардагерлеріміз. 65 жылдан артық одан да көп Саран қаласында өмір сүріп келеміз. Қаламызды енді-енді дамып келе жатқан уақытынан бастап білеміз. Ал қазір жинақы көшелерді, әдемі үйлерді, атқарылған жұмыстарды көргенде қуанамыз. «Жас келсе - іске» демекші, өзіңізді жақсы қырынан көрсете білдіңіз. Қызметіңізге сәттілік тілейміз, - деді қала тұрғыны Тамара Кучеренко.

Әрі кездесуде қала әкімі Дарын Бұлқайыр жастарға зор сенім білдіретінін, тың бастамаларды әрдайым қолдайтынын және келесі халықпен кездесуді тұрғындарға ыңғайлы болатын уақытқа - демалыс күндерге жоспарланатынын айтты. Қаланы бірге көркейтуге шақырды.

Шарадан соң қала басшысы жеке қабылдау өткізіп, халықтан келіп түскен талап-тілектері мен ұсыныстарын тындады. Қабылдауға келген азаматтар сан түрлі мәселелерді ортаға салды.

**ЗАКОН И ПОРЯДОК**

## ОБСУДИТЬ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

**Актуальные вопросы участия адвокатов в судебных процессах, взаимодействие с местными исполнительными органами, органами прокуратуры, судом обсуждались в ходе расширенного круглого стола под председательством акима города Дарына Бұлқайыра.**



**Надежда ЦХАЙ**

В работе приняли участие председатель Саранского городского суда Д. Бейсенов, прокурор прокуратуры Сарани К. Исабеков, заместитель акима Сарани А. Омарханов, руководители государственных учреждений. В круглом столе участвовали 7 адвокатов нашего города.

Во вступительном слове от имени адвокатского сообщества И. Карагуц выразила уверенность, что встреча станет важной платформой для обсуждения актуальных вопросов. Подчеркивалось, что на территории Сарани работает 15 адвокатов, которые активно взаимодействуют с местными исполнительными органами, про-

куратурой, судом. И в повестке дня есть вопросы, требующие обсуждения, порой - длительного. Поэтому отмечалось, что предложения, высказанные в ходе мероприятия, будут учтены при разработке дальнейших шагов, а совместные усилия помогут достичь позитивных изменений.

В свою очередь участники круглого стола - адвокаты задали ряд актуальных вопросов. Например, прозвучали вопросы о некачественном функционировании базы ЕРДР, несоблюдении процессуальных сроков протокола задержания, сложностях в узаконивании самовольных построек и т.д.

В целом круглый стол стал отличной диалоговой площадкой для обсуждения назревших вопросов. Теперь - дело за их решением.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

## САРАН ҚАЛАСЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЫҒАРМА БАЙҚАУЫ ӨТТІ



Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін басты факторлардың бірі. Онымен күресудің ең тиімді жолдарының бірі – жастар арасында адалдық пен әділдік қағидаттарын қалыптастыру. Осы мақсатта Саран қаласында жалпы білім беру ұйымдарының 7-10 сынып оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шығарма жазу байқауы ұйымдастырылды.

2025 жылғы 14 наурызда «Саран қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ және «Қарағанды облысының жастар және балалар ұйымдарының одағы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен бұл байқау жасөспірімдер арасында адалдық пен әділдікті дәріптеуді көздеді.

Байқаудың басты мақсаты – оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, әділдік, адалдық және жауапкершілік құндылықтарын нығайту. Сонымен қатар, бұл шара жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, олардың азаматтық ұстанымдарын айқындауға мүмкіндік берді.

Байқауда Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы Қайырбекова Аида Құрманғазықызы, Саран қаласының тілдерді дамыту орталығының басшысы Нурмаханова Альбина Оспановна және Саран қаласының аналар кеңесінің мүшесі, білім беру саласының ардагері, ақын Стрельчук Татьяна Владимировна

қазылық етіп, ұсынылған шығармаларды әділ бағалап, үздік жұмыстарды анықтады.

Байқаудың қорытындысы бойынша бас жүлдені №1 мектеп-лицейінің 7-сынып оқушысы Забалуева Полина иеленіп, 150 000 теңге сыйлық сертификатымен марапатталды. 1-орынды №1 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Карпенко Яна және Абай атындағы ЖББМ 10-сынып оқушысы Еркін Зере иеленіп, жеңімпаздарға 50 000 теңге сыйлық сертификаты табысталды. 2-орынды №1 мектеп-лицейінің 7-сынып оқушысы Заблочкая Дарья және Абай атындағы ЖББМ 9-сынып оқушысы Камбарова Айжан иеленіп, жеңімпаздарға 35 000 теңге сыйлық сертификаты табысталды. 3-орынды №7 мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы Толепбергенова Айжан және №1 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Гузев Вадим иеленіп, әрқайсына 25 000 теңге сыйлық сертификаты табысталды.

Байқауға қатысқан барлық оқушыларға естелік сыйлықтар мен сертификаттар берілді.

Бұл байқау жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін арттыруда, олардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Оқушылар сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсері туралы ой қозғап, өз шығармаларында адалдық, әділдік және заң талаптарын сақтаудың маңыздылығын көрсетті.

А. Жантурина

НАУРЫЗ: ПРАЗДНИК ВЕСНЫ И ИЗОБИЛИЯ

## ВЕСНА. ГАРМОНИЯ. КРАСОТА.



**Весна! Приветствуем тебя. Ты врываешься в жизнь каждого из нас. И хочется быть по-настоящему красивой и счастливой. Героиня данной статьи, на мой взгляд, эталон женственности и красоты. Всегда в идеальной форме, с безупречным эстетическим вкусом, Жарылгапова Береке Омирзаковна - руководитель Центра здоровья нашего города восхищает целеустремленностью и умением находить подход к клиентам своего центра. Глядя на нее хочется быть такой же влюбленной в жизнь и делать этот мир чуточку краше.**

Вашему вниманию представляется фрагменты беседы с ней - о женском здоровье, о счастье быть в гармонии с самой собой.

**Береке Омирзаковна, единственная красота - это здоровье. Вы согласны с этой цитатой?**

- Да, полностью согласна. Здоровье - самое главное богатство человека. Поэтому его надо беречь.

**Как у вас возникла идея создания Центра здоровья. Кто вас поддержал в ее реализации?**

- Когда человек здоров, он не ценит свое здоровье. Жаль, что часто для того, чтобы оценить свое здоровье, человек должен его потерять, хотя бы на время. Я тоже его чуть не потеряла, часто болела, стояла на учете у эндокринолога, терапевта. Поэтому хотела восстановить свое здоровье и здоровье своих близких. И мою идею сразу поддержала моя семья.

**При посещении Вашего центра обращает внимание не только на современное оборудование, но и на красоту оформления. Как Вы считаете, в чем важность создания комфортных условий для Ваших клиентов?**

- Создание комфортных условий - это самая главная цель нашего центра. У нас клиенты сразу могут получить несколько видов услуг. Для удобства клиентов созданы все условия.

**Какие услуги оказывает Ваш центр?**

- Мы оказываем разные виды услуг, это массаж тела, массаж лица, оздоровление организма через аппаратные процедуры.

А также у нас имеются более 50 видов продукции для оздоровления организма. Особым спросом пользуются коррекционные стельки и графеновые очки.

**Расскажите, пожалуйста, поподробнее про аппаратные процедуры?**

- У нас есть сауна Ба-Гуа, который выводит все шлаки и токсины из организма, улучшает метаболизм, очень хорошо помогает при суставных заболеваниях. Есть Активатор клеток, который восстанавливает поврежденные клетки, активизирует «спящие» клетки. Этот прибор особенно эффективен при кожных заболеваниях, таких как псориаз, дерматит, экзема и т.д.

А массаж тела делаем Биоэнергомассажем, одна процедура, которой заменяет 10 процедур ручного массажа. Недавно приобрели еще один мощный аппарат Вэнтун 1.0, который сочетает в себе четыре основных функции: тепловое излучение, инфракрасное излучение, LED-терапию и ионизацию. Устройство стимулирует акупунктурные точки на ступнях, улучшает кровообращение, ускоряет заживление и омолаживает кожу.

**Что в Ваших планах на этот год? Ведь чтобы остаться на плаву, всегда надо учитывать современные требования к центрам, совершенствовать их.**

- В этом году хотим приобрести еще один аппарат для лица, чтобы наши женщины всегда выглядели молодо и красиво. А также хотим сделать мини-склад.

**Ваши пожелания горожанам в преддверии светлого праздника Наурыз мейрамы.**

Пусть Наурыз принесет в каждый дом процветание и достаток, светлые надежды и приятные перемены.

...Присоединяемся к поздравлениям и желаем всем мирного голубого неба, замечательного весеннего настроения в светлый и всеми любимый праздник - Наурыз! Гармонии и в душе и в сердце.

Татьяна СТРЕЛЬЧУК



ШАҢЫРАҚ КҮНІ



## ОТАНДЫ СҮЮ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

**«Шаңырақ» күніне орай Ақтас кентінің әкімі Бауыржан Ақанов берекелі, айрандай ұйыған Мамытовтар жанұясын айшықты мерекемен құттықтады.**

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Мамытовтар жанұясының отағасы Бейсенбай Мамытов №13 жалпы білім беретін мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болса, отбасының ұйытқысы, тыныштықтың шырақшысы Бибайша Шарипбаева - бастауыш сыныптың ұстазы. Білім мен тәрбиеге сүбелі үлес қосып жүрген педагогтер шаңырағы бүгінде көпке сыйлы отбасылардың бірі.

- Сіздерге көп рақмет, Ақтас кентіміз өркендей берсін! Біз үшін отбасылық бақыттың құпиясы – бір-бірін сыйлау, құрметтеу, мерекелерді бірге өткізіп, бір-бірін түсіну, - дейді үйдің отағасы Бейсенбай Мамытов.

Биыл Мамытовтар жанұясы «Күміс» тойын тойламақ. 25 жылда салт-

дәстүрді дәріптеп жүрген жарасымды жанұяның өз ұстанымы, дәстүрі қалыптасқан. Оның ішінде - Ұлыстың ұлы күніне деген құрметі ерек.

- Шүкір, екі баламыз бар. Үлкен ұлымыз жұмыс істейді. Кіші ұлымыз – студент. Ұлыстың ұлы күнінде біз жылда отбасымызбен жиналамыз. Ұлттық киім киіп, міндетті түрде Наурыз көжемді істеп, бауырсағымды, шелпегімді пісіремін. Негізі отбасымызда әр мереке сайын жиналамыз. Әрбір мерекеде екі ұлымыз үнемі бізге сыйлықтар жасап жүреді. Жылда концерттерге билет алып береді, - дейді асыл жар, аяулы ана Бибайша Шарипбаева.

«Отан – отбасынан басталады» демекші, әр шаңыраққа ырыс, бақ-береке тілейміз. Көпке үлгі болатын отбасыларымыз көп болсын!



АРМЫСЫҢ, ӨЗ-НАУРЫЗ!



## ЕРТЕГІДЕ ЕЛ ЕРТЕҢІ БАР

**Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Оның ішінде тәлім-тәрбие бастауы саналатын халық ертегілердің алар орны бөлек. Бүгінде ата-әжелер немерелеріне, аналар балаларына ертегі оқиды ма? Қазіргі таңда өзекті сауалдардың біріне айналған бұл сұраққа қаламыздың ақ жаулықты асыл әжелері жауап берді.**

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Таяуда өз-Наурыз мерекесіне орай Саран қаласының орталық кітапханасында «Әжелердің ертегісі: жаңа ұрпаққа жеткізілетін құндылықтар» тақырында дөңгелек үстел өтті. Оқу залының кітапханашысы Жанила Қурышбекова жүргізген тағылымы мол танымдық шараға қалалық аналар кеңесінің, «Асыл әжелер» хоры мен «Ғибратты әжелер» клубының мүшелері қатысты.

«Әжесі бар үйдің әдебі бар» демекші, көпті көрген данагөй әжелеріміз өздерінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, жас ұрпақтың тәрбиесіне қатысты ой-пікірлерін ортаға салды.

- Қазіргі кезде заманымызда қатігездік көбейіп барады. Бір-біріне мейірімділік жоқ. Соның барлығы былай қорыта айтқанда, жас кезінде балаларымызға ертегі үйрепегендіктен. Ертегіні тыңдамағаннан деп есептейміз. Мысалы, біз жастарды адал болса екен, жоққа қол ұшын бере алатын бір қайырымды болса



екен, жүрегінде мейірімділік болса екен деп тәрбиелеуіміз керек. Әжелеріміз барда біздің қазақ дәстүріміз, қазақтың ізгі жақсы-жақсы қасиеттері жоғалмайды, - деді қалалық аналар кеңесінің төрағасы Гүлжан Жүсіпбекова.

Ертегінің негізгі қайнар көзі отбасындағы ата-анадан, әжеден бастау алады. Себебі олар айтқан ертегілер

талай баланың арман-мақсатына қанат бітіріп, алыстарға жетелеген. Сөзсіз, ата мен әженің берген тәлім-тәрбиесі ешкімді де ұятқа қалдырған емес. Ақ жаулықты әжелердің де ойы бір жерден шықты. Әрі ұялы телефонның салдары, оның балаға деген әсері айтылды. Одан бөлек, оқу залының кітапханашысы Жанила Қурышбекова «Наурыз – көктем мен жаңару мейрамы» атты кітап көрмесімен таныстырып, бүгінде баланың зейінін ашып қана қоймай, көзді тынықтыратын, тыңдай білу дағдысын дамытатын «Дарынды бала әлемі» атты шағын сымсыз динамиктің көмегімен ертегілерді тыңдауға болатынын көрсетті. Ал Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің ардагер ұстазы Оралхан Бартаева әдеп-ғұрып жайлы айта отырып, өзінің авторлық өлеңінен паш етті. Шара соңында бір-бірін Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаған дана әжелеріміз ізгі ниетке толы тілектерін айта отырып, шашу шашып, жанды дауыста әсем ән орындап берді.



## Наурыз көктем

Қыстың мұзы жарылып,  
Су ағады сылдырап.  
Арық бойын жағалап,  
Балалар жүр шалпылдап.

Көшеде гүлдер құлпырған,  
Келінті Наурыз гүл шашып.  
Ақ жаулықты әжелер,  
Уыс толы құрт шашып.

Алтыбақан тебісіп,  
Қыз-жігіттер сырласты.  
Құшақтасып бір-бірін  
Көршілер жүр көрісіп.

Наурыз көже бұрқылдап,  
Қара қазанда қайнады.  
Сары қымыз сапырып,  
Ақсақал бата арнады.

Ағаштарда бүр жарып,  
Құстар келді қиқулап.  
Жылда күнім күлімдеп,  
Қарсы алайық Наурызды.

О. Бартаева

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ

## №17 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНДА ҮШ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ



**Сүйінші! Ұлыстың ұлы күні қарсаңында №17 мектеп-гимназиясында бір күнде қазақ әдебиетінен ойып тұрып орын алған Абай Құнанбайұлына, Ахмет Байтұрсынұлына және Сәкен Сейфуллинге арналған кабинеттер ашылды.**

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Биыл ұлы ақын, хакім Абайдың туғанына 180 жыл толмақ. Осы мерейлі сәтте ең бірінші болып ұлы ғұламаның өлеңдері мен ғақлияларынан сыр шертетін «Абайтану» кабинеті ашылды. Ашылу салтанатында лента қию рәсімі Саран қаласы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі, саясаттанушы, қоғам қайраткері Серік Мұстафин мен ұлағатты ұстаз Лира Елемесоваға бұйырды.

Өз кезегінде қонақтар ақ батасын бере отырып, оқушылардың оқу-білімге деген құлшынысы күннен-күнге арта беруін тіледі. Әрі Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін жатқа айтқандарына риза болды. Сондай-ақ, Серік Мұстафин білім алушыларға өзінің кітаптар жинағымен қуана таныстыратынын жеткізді.

Ал қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған Сәкен (шын есімі Сәдуақас) Сейфуллинге арналған «Сәкентану» кабинетінің ашылу лентасын қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев пен ҚР Білім және ғылым кәсіподағының құрметті қызметкері Ольга Свиругун кесті.

Бұл кабинеттер - жай ғана сынып кабинеттері ғана емес, нағыз білім мен руханият ордасы болары сөзсіз. Мұнда оқушылар ұлы тұлғалардың еңбектерімен терең танысып, олардың идеяларын бойларына сіңіріп, бағдар алады. Баршаңызға денсаулық, ең

бектеріңізге табыс, оқушыларға сапалы білім мен жарқын болашақ тілеймін,- деді қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев.

Ал қалалық білім бөлімінің басшысы Арман Бақтыбаев пен зейнеткер-ұстаз Клара Кияшева белгілі ақын, публицист, педагог, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлына арналған «Ахметтану» кабинетінің ашылу лентасын кесті.

Жеке-жеке ашылған әр кабинетке шашу шашылып, білім беру ұйымдарының өкілдеріне атқарылған жұмыстар таныстырылды. Қалалық білім бөлімінің басшысы Арман Бақтыбаев өз сөзінде алғысын айта отырып, №17 мектеп-гимназиясының ұжымы-



на шығармалық табыс тіледі.

Үш кабинеттің іші жап-жарық, әрі кең. Барлығы қазіргі стандарттарға, заман талабына сай етіп заманауи жабдықтармен жабдықталған. Кабинеттерге кір-

ген бетте ұлы тұлғаларға арналған бұрыш көзге түседі. Олардың бір артықшылығы - QR-кодтың көмегімен ақпараттың қолжетімділігінде болып тұр.

- Әр кабинетте жоғары деңгей-

дегі SMARTтақталары, компьютерлер орнатылған. Сондай-ақ, ең қызығы өздерінің жеке авторлық QR-кодтары бар. Сол QR-кодтарды оқушыларға өздеріне сабақ барысында болсын, емін-еркін қолдануға рұқсат береміз. Бұл нені білдіреді? Бұл артта тұрған, осы кабинеттегі қосымша материалдармен оқушы жұмыс істей алуы керек. Яғни қолжетімді болуы керек. Ол тұрып қалмауы керек, - деді №17 мектеп-гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сәби Сәулетұлы.

Жыл басынан бері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тың жұмыстар атқарылуда. Бүгінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің бірдей үш алып тұлғасына арналған «Абайтану», «Сәкентану», «Ахметтану» кабинеттері оның жарқын үлгісі болмақ. Бәрінен мектептегі жаңашылдыққа ұстаздар мен оқушылар дән риза. Жаңа кабинеттер ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ортаға айналуына тілектеспіз.

ӘП-БӘРЕКЕЛДІ!



## ЖАС РОБОТОТЕХНИКТЕР ЖАРАП ТҰР

**Ұлыстың ұлы күні қарсаңында №17 мектеп-гимназиясының оқушылары робототехникадан Түркиядағы ең танымал Жерорта теңізі курорты – Анталияға квота ұтып алды.**


Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

15-16 наурыз күндері аралығында Астана қаласында орналасқан Назарбаев Университетінде «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы «AZ GROUP LLC» білім беру компаниясымен бірлесе отырып «Fibonacci International Robot Olympiad» халықаралық олимпиадасының робототехникадан республикалық кезеңі өтті. Оған қалалық білім бөліміне қарасты №17 мектеп-гимназияның «RSSaran jr» командасы қатысты. Жерлестеріміз 650 команда ішінен суырылып шығып, кезекті жетістігімен қуантты.

- Республикалық олимпиадада біздің командамыздың мүшелері: Антон Евсеев пен Тимур Каримов «Footbootlegoleague» атты

спорттық робототехника санатынан Түркияның Анталиясында өтетін халықаралық чемпионатқа қатысуға лицензия жеңіп алды. Біз көптеген қиындықтардан өтіп, мықты қарсыластармен бетпе-бет кездестік. Тартысты өтті десем де болады. Біздің жігіттер жеңіп қана қоймай, нағыз командалық рухты, табандылық пен тапқырлықты көрсетті. Мен олардың әрқайсысымен мақтанамын!, - деді №17 мектеп-гимназияның информатика мен робототехника мұғалімі Асель Акшалакова.

Жаза кетейік, таяуда ғана №17 мектеп-гимназияның оқушыларынан құралған «X-forse» және «RoboStarSaran jr» командалары робототехникадан өткен халықаралық Азия жарысынан жүлдемен оралған. Өздерінің қабілеттерін көрсете білген ойышқыр, дарынды жастарды кезекті бағындырған белесімен құттықтаймыз!





МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ

## ТІЛ АҚЫЛДЫҢ – ӨЛШЕМІ



«Тілін білмеген тегін білмейді» - деген. Бүгінгідей ел болып еңсе көтерген тұста ана – тіліміздің қадір – қасиетін арттырып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру маңызды мәселе.

Еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге қазақ тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазақ тіліміз дамып, оның қоғамдық маңызы арта түсті. Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс – қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек.

Осыған орай, Саран қаласының полиция бөлімінде де іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мәселесіне қазіргі уақытта аса көңіл бөлінген. Қызметкерлерге қалалық тілдер басқармасының әдіскерлері мемлекеттік тілді оқып – үйрену бойынша курстар ұйымдастырған. Полиция бөліміндегі барлық іс-қағаздарын жүргізу, жедел және аппараттық кеңестердің хаттамалары, Қазақстан Республикасының

ІІМ, облыстың Полиция департаменті және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі. Олай болса, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ана сүтімен дарыған ана тілімізді құрметтеп, оның дәрежесін биікке көтеру, рухани азығымыз – ана тілімізге ықтиятпен көңіл бөліп, оның өрісін кеңейтуге әрі қарай да барлығымыз атсалысайық. Мемлекеттік тіл саяси тұрақтылық пен Қазақстанның өсіп – өркендеп, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміз бен теңдігіміздің қайнар көзі, кемелді келешегіміздің ұйытқысы екенін ұмытпайық. Өскелең ұрпаққа тәлім – тәрбие беруде, ана тіліміздің қадір – қасиеті мен құндылығын терең түсіндіру арқылы, ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, әр ата – ананың ел алдындағы азаматтық борышы! Олай болса, өзіміз болып атсалыспасақ, басқаның жаны ашымайды.

Демек, болашағымыз жарқын, мемлекетіміздің тұғыры биік болуы, сіз бен бізге байланысты.

**Ж. Джумашева,**

**Саран қаласының полиция бөлімі**

СПОРТ

## С НОВЫМИ МЕДАЛЯМИ



15 марта в спортивном комплексе «Жастар» состоялся Чемпионат Карагандинской области по каратэ WKF.

Всего в соревнованиях приняли участие более 100 спортсменов из Караганды, Шахтинска и Сарани.

Клуб «Годан» г. Сарани представлял 17 человек в возрасте от 9 до 15 лет. Ребятам удалось завоевать 21 медаль. Из которых семь наград золотых, семь серебряных и семь бронзовых.

Соревнования проходили по двум дисциплинам ката и кумитэ.

В программе ката у нашей команды четыре золотые награды, которые завоевали: Фараносова Варвара в возрасте 8-9 лет, Ануарбекова Диана в возрасте 10-11 лет, Зограбян Амелия в категории 12-13 лет и Гуреева Альмира в возрастной категории 14-15 лет.

Серебряные награды в этой дисциплине завоевали Циома Лидия в возрастной группе 10-11 лет и Шепеев Богдан в категории 12-13 лет.

Бронзовые награды нашей команде

принесли Даев Анзор, Лепехова Кира и Корнилова Кристина в возрасте 10-11 лет.

В программе кумитэ нам удалось завоевать три золотые награды в возрастной категории 10-11 лет Циома Лидии и Измайлову Али, а в возрастной категории 14-15 лет до 52 кг Авазхонову Лазизу.

Серебряные награды в программе кумитэ завоевали Фараносова Варвара в категории 8-9 лет, Ануарбекова Ануархан в возрасте 10-11 лет до 40 кг, Даев Анзор среди спортсменов 10-11 лет в весовой категории свыше 40 кг, Лепехова Кира среди спортсменов в возрасте 10-11 лет до 35 кг и Зограбян Аревике в возрасте 14-15 лет абсолютной весовой категории.

Бронзовые медали в программе кумитэ завоевали Даудрих Мирослав и Лепехова София в категории 10-11 лет, а среди спортсменов 12-13 лет свыше 50 кг Шепеев Богдан и Зограбян Амелия.

**А. Иверская,**  
**тренер Центра спорта**  
**города Сарани**

ОЧС ИНФОРМИРУЕТ

### СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚТАНУ БОЙЫНША ТҮРҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Қардан және мұздан тазарту бойынша алдын ала жүргізілген іс-шаралар көктемгі су тасқының зардаптарын болдырмауына немесе маңызды азайтуына мүмкіндік береді.

Қауіп қатерлі кезеңде жіберілетін гидрометеоқызыметінің хабарларын және ТЖ тиісті органдарының ақпараттарын мұқият тыңдау қажет.

Егер сіздің тұрған үйіңіздің су басатын жер шекараларын құру мүмкіндігі болса, сізге келесі ережелерді істеу қажет:

- көшелерді, аулаларды, ғимараттардың төбелерін, өтулерді, кіру және шығу жерлерін, су құбырларын, су жүретін жерлерді қардан алдын ала тазарту;

- шұғыл көшетін болған жағдайға, үш тәулікке жететін тамақ және су қорын, тиісті құнды заттарды, жылы киім, дәрі-дәрмектерді дайындап қойыңыз;

- ақша, құжат, құнды қағаздарды ұдайы дайындықта ұстаңыз;

- үйлеріңізді, пәтерлеріңізді қорғау үшін қажетті жұмыстар жүргізу: есіктер мен әйнектерді бекіту, жоғары қабаттарға (шаттыр, төбе) үй нәрселерін және бағалы заттарды апарып қою, ауладан шаруашылық құралдарды жинау, мал азығын қауіпсіз орынға жеткізу;

- көшетін жеріңізді және қауіпсіз орынды алдын ала анықтап алыңыз, қарапайым жүзу құралдарын дайындаңыз;

- үй жануарларын, мүлкіңізді төменде аталған пунктке алдын ала көшіріңіз.

Судың аяқ астынан дүркін ағуы болған жағдайда және су деңгейі көтеріле бастаса:

- үрейге берілмеңіз, тез және нық әрекет

жасаңыз;

- сабыр сақтаңыз;
- есіктер мен әйнектерді жабыңыздар, электр, газды және пештегі отты сөндіріп кетіңіз;

- үй жануарларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды қабылдаңыз, қора есіктерін, қақпаларды ашып, малды бос жіберіңіз;

- су өткізбейтін киім киіңіз, өзіңізбен құжаттарыңызды, ақша, бағалы қағаздарды, ішетін су қорын, тамақ, дәрігерлік қобдишасын, ең қажетті заттарыңызды алыңыз да ғимаратты босатыңыз;

- су басқан аймақтан жылдам шығуға тырысыңыз, егер шыға алмасаңыз, қайық және басқа да жүзіп шығуға болатын нәрсемен қауіпсіз жерге жетіңіз, немесе төбеге, шатырға шығыңыз.

- суға батқан азық-түліктерді жеменіз, қайнатылған су ғана ішіңіз.

Ата-аналар және оқытушылар!  
Балаларды суаттарға жібермеңіздер, әсіресе мұз жүру уақытында, оларға суаттарды ашу кезде мұзда болуы, жарда және шайылған жағалауда болуы қауіпті екенін алдын ала ескертіңіздер.

Тұрып жатқан үйіңізге судың келгені туралы дерегін, ТЖБ Саран қ. су тасқынға қарсы штабқа хабарласыңыздар. Байланыс тел.: 7-77-77, 101, 112.

Әр жағдайда өзінді сенімді ұстап, үрейге берілмеңіз, тез және нық әрекет жасап, бірінші кезекте балалар мен қарттарға көмек көрсете біліңіз!

**Саран қаласының ТЖ бөлімі**

### ПАМЯТКА ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ ПРИ НАВОДНЕНИЯХ

Одной из самых распространенных причин наводнений являются паводки, вызываемые интенсивным таянием снега (льда) или выпадением большого количества осадков, увеличением сброса воды с водохранилища.

В угрожаемый период необходимо внимательно следить за сообщениями гидрометеослужбы и информацией соответствующих органов ЧС, передаваемых через средства массовой информации.

Если ваш дом попадает в границы возможного затопления вам необходимо выполнить следующие правила:

заблаговременно очистить от снега улиц, дворов, крыш, цоколей зданий, проходов (проездов), входов и выходов, водопроводов, ливнепроводов;

на случай экстренной эвакуации заготовьте запас необходимого количества питьевой воды и продуктов питания на трое суток, подготовьте соответствующую одежду и обувь, медицинскую аптечку, предметы первой необходимости;

держат в постоянной готовности документы, деньги, ценные бумаги и вещи;

заблаговременно провести работы по защите своего дома, квартиры: укрепление дверей и окон, переноска на верхние этажи (чердак, крышу) предметов домашнего обихода и ценных вещей, уборка со двора сельскохозяйственного инвентаря, корма для скота в безопасное место;

уточнить безопасное место и маршрут для эвакуации. Подготовить необходимые простейшие плавсредства;

заблаговременно проведите эвакуацию домашних животных имущество в пункты размещения, указанные ниже.

В случае внезапного залпового выброса

и резкого подъема уровня воды, обильного волнового потока:

не поддавайтесь панике, действуйте оперативно и целенаправленно;

закройте окна и двери отключите воду, газ, электричество, погасите огонь в печи;

примите все меры по обеспечению безопасности домашних животных, откройте двери, ворота, обвяжите их;

оденьте соответствующую прорезиненую одежду, возьмите документы, деньги, ценные бумаги, запас питьевой воды, продукты питания, медицинскую аптечку, предметы первой необходимости и оперативно покиньте здание;

постарайтесь, как можно быстрее покинуть район затопления, если это не удалось, то используйте подручные плавсредства, переместитесь в безопасное место, либо перейдите на верхние этажи здания или крышу дома;

не употребляйте в пищу подтопленные продукты, пейте только кипяченую воду.

Родители и педагоги!

не допускайте детей к водоемам без надзора, особенно во время ледохода, предупредите их об опасности нахождения на льду при вскрытии водоемов, нахождении на обрывистых и подмытых берегах – они могут обвалиться.

О фактах подступа воды к вашим жилым домам информировать ОЧС города Сарани по тел: 7-77-77, 101, 112.

В любом случае проявляйте самообладание, не поддавайтесь панике, действуйте уверенно и быстро. В первую очередь необходимо оказывать помощь детям и пожилым людям!

**ОЧС г. Сарани**

**«Саран қаласында мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Саран қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 17 ақпандағы № 11/01 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Жер кодексі, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының

31, 37-баптары негізінде, Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
1. «Саран қаласында мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Саран қаласы

әкімдігінің 2025 жылғы 17 ақпандағы № 11/01 қаулысының қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын.  
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.  
**Д. Бұлқайыр,**  
**Саран қаласының әкімі**

Саран қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «18» наурыз № 20/18 қаулысына қосымша

**Қарағанды облысы Саран қаласы бойынша «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шек.» 925-946 км республикалық мақсаттағы автомобиль жолына қосымша тұрақты бөлу үшін алынатын жер учаскелерінің тізбесі**

№	Кадастрлық нөмірі	Жер пайдаланушылардың атауы	Нысаналы мақсат түрі	Жерді пайдалану құқықтары	Құжат бойынша алаң, га	Учаскелер бөліктерінің саны	Алынатын алаң, га	соның ішінде										
								Барлығы а/ш алқаптары	Барлығы егістік	оның ішінде егістік о.і.		кпж. екпелер	жайылымдар	Қоныстану аумағы	басқа жерлер	жолдар үшін	су үшін	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12							13
1	09-144-046-022	«SABUR-KHAN TECHNOLOGIES» ЖШС	Өндірістік базаға қызмет көрсету	Жалдау	155,0900		0,1,0490									0,1,0490		
2	09-144-046-512	«SABUR-KHAN TECHNOLOGIES» ЖШС	Байыту фабрикасына қызмет көрсету	Жеке меншік	6,3517		0,6750									0,6750		
3	09-144-046-091	Касапиди Галина Георгиевна	Объектіге (кафе) қызмет көрсету	Жеке меншік	0,0121		0,0122									0,0122		
4	09-144-046-737	Хабибулина О.Р., Апсатаров А.А., Апсатаров А.В.	Одан әрі пайдалану және қызмет көрсету арқылы жол бойындағы сервис объектілерін салу	Жалпы үлестік меншік	0,2698		0,2040									0,2040		

Постановление акимата города Сарани от «18» марта 2025 года № 20/18

**О внесении изменений в постановление акимата города Сарани от 7 февраля 2025 года № 11/01 «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельных участков в городе Сарани для государственных нужд»**

На основании Земельного кодекса Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», Закона Республики Казахстан «О правовых актах», статей 31, 37 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат го-

рода Сарани ПОСТАНОВЛЯЕТ:  
1. Приложение к постановлению акимата города Сарани от 17 февраля 2025 года № 11/01 «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельных участков в городе Сарани для государ-

ственных нужд» изложить в новой редакции.  
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Сарани.

**Д. Бұлқайыр,**  
**аким города Сарани**

Приложение к постановлению акимата города Сарани от «18» марта 2025 года № 20/18

**Перечень земельных участков, изымаемых под дополнительный постоянный отвод под автомобильную дорогу республиканского назначения «Кызылорда-Павлодар-Успенка-гр.РФ» км 925-946 по городу Сарани Карагандинской области**

№	Кадастровый номер	Наименование землепользователей	Вид целевого назначения	Права землепользования	Площадь по документу, га	Кол-во частей уч-ков	Изымаемая площадь, га	в том числе										
								Всего с/х угодий	Пашня всего	из них пашня в т.ч.		мн. насаждения	пастбища	Селитебная территория	прочие земли	под дорогами	под водой	
орашаемая	неорашаемая	13	14	15	16	17	18											
1	09-144-046-022	ТОО «SABUR-KHAN TECHNOLOGIES»	Обслуживания производственной базы	Аренда	155,0900		0,1,0490									0,1,0490		
2	09-144-046-512	ТОО «SABUR-KHAN TECHNOLOGIES»	Обслуживания обогатительной фабрики	Частная собственность	6,3517		0,6750									0,6750		
3	09-144-046-091	Касапиди Галина Георгиевна	Обслуживания объекта (кафе)	Частная собственность	0,0121		0,0122									0,0122		
4	09-144-046-737	Хабибулина О.Р., Апсатаров А.А., Апсатаров А.В.	Строительство с дальнейшей эксплуатацией и обслуживанием объектов придорожного сервиса	Общее долевая собственность	0,2698		0,2040									0,2040		

КГКП «Дом культуры г. Сарани»

**Наурыз**

**17.03 - 23.03**

**21.03 12:00** ГОРОДСКОЙ ПРАЗДНИЧНЫЙ КОНЦЕРТ  
«ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ - НАУРЫЗ!»

**22.03 10:00** ГОРОДСКОЙ МАРАФОН  
«NAURYZ RUN»

**12:00** КОНЦЕРТНАЯ ПРОГРАММА  
«ТӨРЛЕТ НАУРЫЗ»

**23.03 10:00** ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ АКЦИЯ  
«ЭСТАФЕТА ЧИСТОТЫ»

Саран қаласы мен Ақтас кентінде «Қарызсыз қоғам» бағдарламасы бойынша 90 және одан да көп күнге мерзімі өткен несие бар азаматтарды қаржылық сауаттылыққа оқыту басталды.

Оқыту 2025 жылдың 31 наурызынан бастап өтеді.

Жобаның заңгерлік көмек көрсетеді, оның ішінде:

1. Жағдайды құқықтық талдау – құжаттармен танысу және одан әрі әрекет ету бойынша ұсыныстар;

2. Берешекті қайта құрылымдауға жәрдемдесу – кейінге қалдыру, төлемдердің жаңа кестесі, қайта қаржыландыру, егер несие беруші өтініштерге жауап бермесе немесе қарсы шықса, уәкілетті органдарға шағым беру;

3. Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану – жеке тұлғаның банкроттығы туралы өтініш беру және одан әрі алып жүру;

4. Сотқа дейінгі тәртіппен тыс нотариустың атқарушылық жазбасының күшін жою;

5. Шоттарға қойылған бұғаттарды алып тастау және бұғатты шешу;

6. Банкртермен, МҚҰ- мен және коллекторлық агенттіктермен дауларды реттеу;

7. Басқа заңгерлік қызметтер – талап арыз дайындау және оны сот кабинеті арқылы беру, өтініштерді дайындау (жеке).

«Қарызсыз Қоғам» жобасы аясында барлық қызметтер тегін көрсетіледі!

Барлық сұрақтар бойынша 74804, 79077, 87022668913, 74256 телефон нөмірлеріне немесе Жеңіс көшесі 45 мекенжайына нүгінуге хабарласуға болады.

В городе Сарани и поселке Актас начинается обучение финансовой грамотности по программе «Қарызсыз қоғам» для лиц, имеющих просрочки по кредитам 90 и более дней.

Обучение будет проходить с 31 марта 2025 года.

Юристы проекта окажут бесплатную юридическую помощь гражданам с просрочкой 90+ дней, включая:

1 Правовой анализ ситуации – ознакомление с документами и рекомендации по дальнейшим действиям.

2 Содействие в реструктуризации задолженности – отсрочка, новый график выплат, рефинансирование, подача жалоб в уполномоченные органы при отказе кредитора.

3 Применение процедуры внесудебного банкротства – подача заявления о банкротстве физического лица и дальнейшее сопровождение.

4 Отмена исполнительной надписи нотариуса в досудебном порядке.

5 Снятие арестов и разблокировка счетов.

6 Урегулирование споров с банками, МФО и коллекторскими агентствами.

7 Другие юридические услуги – составление исковых заявлений, подача через судебный кабинет, подготовка обращений (индивидуально).

Все услуги абсолютно бесплатны в рамках проекта «Қарызсыз Қоғам»!

По всем вопросам можно обратиться по телефонам: 74804, 79077, 87022668913, 74256 или по адресу: ул. Победы, 45.

## РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ

### ТРЕБУЕТСЯ

ТОО «Supraper» требуются укладчик-упаковщик, оператор, грузчик, водитель погрузчика, разнорабочий, уборщица.  
Официальное трудоустройство, согласно законодательства ТК РК.  
Т.: 8-775-282-90-18 (звонить в будни с 8.00 до 17.00).

На предприятие требуются: токари, сборщики РТИ, пресовщики, вальцовщики, разнорабочие. При необходимости возможно обучение на базе самого предприятия.  
Заработная плата выплачивается своевременно + полный соц. пакет.  
Обращаться: г. Сарань, ул. Чкалова, 2/4 (возле сауны «Эдем»)  
7-45-60, 8-702-655-23-38.

### УСЛУГИ

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

Все виды ремонта квартир, электрик-сантехник-плотник. Т.: 8-771-372-56-88, 8-702-359-46-02.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клеющей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50, Ирина.

**Предлагаю профессиональный** ремонт имп. ТВ, холодильников, стир. маш.-автомат, микр. печей. На дому, с гарант. Т.: 8-777-396-81-27

### ПРОДАЕТСЯ

Срочно продается дом. Т.: 5-19-21.

3-к кв в р/н Мечети, неугловая, цена договорная. Т.: 8-701-641-11-14.

1-к кв в поселке Актас, ул. Первомайская, 2 этаж, с мебелью и бытовой техникой. Писать на WhatsApp: 8-708-545-82-18.

СРОЧНО. 3-к кв. Т.: 8-747-401-39-66.

1-к кв., р/н акимата. Цена 8 000 000 тг, частично с мебелью. Т.: 8-747-828-96-08, 8-702-287-92-48.

### КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 13.03.2025 г. открылось наследственное дело, после умершего 17.02.2025 г. Калинина Алексея Викторовича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани в срок до 17.08.2025 года.

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 12.03.2025 г. открылось наследственное дело, после умершей 09.03.2025 г. Оспановой Розы Демешевны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани в срок до 09.08.2025 года.

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 12.03.2025 г. открылось наследственное дело, после умершей 23.02.2025 г. Григорьевой Натальи Владимировны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани в срок до 23.08.2025 года.

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 07.03.2025 г. открылось наследственное дело, после умершей 17.02.2025 г. Шурухиной Анны Самойловны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани в срок до 17.08.2025 года.

Лицензия №14005265 от 17.04.2024 года Министерства юстиции РК

### КУПЛЮ

Монеты, значки и банкноты СССР, сувенирные машинки 1:43 СССР. Т.: 8-701-715-60-49.

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.

### УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ! СЛЕДУЮЩИЙ НОМЕР ГАЗЕТЫ ВЫЙДЕТ 28 МАРТА

<b>Саран газеті</b>	Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА	Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.)	Собственник: ТОО «Саран тынысы»	Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1	Выходит два раза в неделю, форматом А3 Тираж 778	Газета набрана и сверстана в редакции	Отпечатано в ТОО «Типография «Арко» 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева, 15	Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.
				Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru				